

ӨОЖ 82.02

Қ.Т. Жанұзақова, Г.Т. Өмірбекова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail:

Қазақ әдебиеттануындағы бағыттар мен ағымдар мәселесі

Мақалада әдебиеттану ғылымындағы әдеби бағыттар мен ағымдар мәселелері қарастырылады. Социалистік реализмнің, романтизмнің, модернизмнің, постмодернизмнің эстетикалық концепциялары, қазақ әдебиетіндегі даму ерекшеліктері айқындалады.

Түйін сөздер: әдеби бағыттар мен ағымдар, әдеби процесс, реализм, социалистік реализм, романтизм, модернизм, постмодернизм.

С.Т. Januzakova, G.T.Omyrbekova

Problems direction and flow Kazakh literary criticism

The article discusses the artistic direction and course of the Kazakh literature. Discuss the aesthetic concept of socialist realism, romanticism, modernism and postmodernism, as well as their particular development in Kazakh literature.

Keywords: literary directions and currents, literary process, realism, socialist realism, romanticism, modernism, postmodernism.

К.Т. Жанузақова, Г.Т.Омирбекова

Проблемы направлений и течений в казахском литературоведении

В статье рассматриваются художественные направления и течения в казахском литературоведении. Обсуждаются эстетические концепции социалистического реализма, романтизма, модернизма и постмодернизма, а также их особенности развития в казахской литературе.

Ключевые слова: литературные направления и течения, литературный процесс, реализм, социалистический реализм, романтизм, модернизм, постмодернизм.

Әдеби бағыттар мен ағымдар – әдебиеттану ғылымындағы күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі. Әдебиеттің даму ерекшеліктері, көркемдік таным арналары бағыттар мен ағымдар, әдіс мәселелерімен тығыз ұштасатыны мәлім. Өткен күн мұраларын бүгінгі күн биігінен қайта таразылаған тұста бағыт пен ағымдар мәселелері жан-жақты талқылауды, терең зерттеуді қажет етеді. Тіпті кеңес қоғамы дәріптеген реализмнің мазмұны мен даму мәселесін жаңаша зерттеу де қазіргі әдебиеттану ғылымының күн тәртібінде тұр.

Кеңес дәуірі тұсында социалистік реализмнен басқа әдеби әдістер еленбей, көлеңкеде қалды, олардың әдебиетке әкелген жетістіктері мен мүмкіншіліктері жете бағаланбады.

Әдебиеттануда «реализм және реализмге қарсы әдістер» теориясы қалыптасып, үстемдік етті. Кеңес оқулықтарында оларды бір-біріне қарсы қою жүйесі тым қарапайым еді: реализм – шынайылық, адалдық, тарихилық, мазмұндылық; буржуазиялық әлемдегі басқа әдістер: «регрессивті» романтизм, модернизм, постмодернизм, керісінше, өмір шындығынан алыс әкететін, идеализмді, дарашылдықты дәріптейтін мазмұнсыз, зиянды әдістер деп біржақты бағаланды. Бірін-бірі ауыстырып отырған әдеби ағым-бағыттар олардағы реализм үлесінің аз-көптігіне байланысты бағаланды. Ал, іс жүзінде әр алуан әдіс-тәсілдерді бірінен-бірін жоғары қою, я төмен қою түбірімен теріс екенін уақыттың өзі дәлелдеді.

Кеңес әдебиетіндегі «социалистік реализмді» ұлықтау ұраны басқа әдеби дәстүрлердің дамуына кедергі келтірді. Реализм мен өршіл, пафосты романтиканың жымдаса бірігуі – социалистік реализмнің мазмұнын құрады. Социалистік реализмде романтизм эстетикасынан алынған кейбір элементтер ерекше қызмет атқарды. Социалистік реализм романтизмнен идеалдандыру, өршілдік, асқақтық, дәуірдің нақтылы бейнесінен гөрі биік идеалдар мен асқақ мұратты алдыңғы қатарға қою сынды ұстанымдарды алға шығарды. Алайда социалистік реализмде романтикалық идеал саяси-әлеуметтік, төңкерісшіл мән үстеп, өзінің толыққанды философиялық мазмұнынан айырылып қалды. Социалистік реализм әдебиеттің табиғи дамуының нәтижесінде қалыптаспаған, жасанды түрде әрі жедел енген әдеби әдіс болғандықтан әдебиет тарихындағы өзіне дейінгі әдіс-тәсілдердің, әдеби бағыттардың көркемдік жетістіктерін, өзіне қажетті, талабына сай келетін кейбір идеялық-эстетикалық ұстанымдарын ғана қабылдады.

1930 жылдардан бастап үстемдік құрған социалистік реализм 1960-80 жылдары біртіндеп сетіней бастады. 1960-90 жылдары әдебиетіміз қарқынмен дамып, стильдік жағынан байып жетілді. Қазақ прозасы әдебиетіміздің жетекші, кемел жанрына айналды. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік әлемі, гуманистік-адамгершілік әлеуметтік-адамгершілік, философиялық-этикалық және адамның жан дүниесіне, психологиясына тереңдей ену – міне, осынау ауқымды мәселелерге жауап беру осы кезеңдегі қазақ прозасының тақырыптық, идеялық ерекшелігін құрайды. Шығармада адам тағдырын, оның жан дүниесіндегі құбылыстарды алғашқы орынға шығару үрдісі белсендірек байқалды. Сыртқы объективтік әлемнен гөрі адамның ішкі субъективтік әлеміне ден қою, көпшіл «бізден» гөрі жалқы «Менге» иек арту байқалды.

XX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе 1970-90 жылдары қазақ прозасында Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, Р.Токтаров, О.Бөкеев, Т.Әбдіков, С.Санбаев, М.Ысқақбаев, Д.Досжанов, т.б. жазушылардың шығармашылығы реалистік қуаттылығымен қатар романтикалық, модернистік сарынымен де ерекшеленді. Бұл романтизм социалистік реализммен астарлас пафосты, «кеңестік жарқын өмірді» бір жақты, көтеріңкі лепте ғана суреттейтін асқақ романтика емес еді. XX ғасырдың екінші жартысында әдебиетке келген қуатты буын жаңашылдығымен таны-

лып, белгілі өлшем, жаттанды қалыпты бұзуға ұмтылды. Олар әдебиетке араласып, халқына эстетикалық қуаты, көркемдік деңгейі жоғары туындылар беріп, соның нәтижесінде төл өнерімізге жаңа леп әкелген өкілдерге жатады.

Қазақ прозасына жаңа ой, тың өрнектер қосқан Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, М. Мағауин, Ә. Тарази, С. Мұратбеков, О. Бөкеев, С. Санбаев, Т. Әбдіков, А. Сүлейменов, Қ. Жұмаділов, Қ. Ысқақов, Р. Токтаров және т.б. қаламгерлердің адамның жан дүниесін түрлі аспектіде, әр түрлі көркемдік деңгейде ашып көрсетуді мақсат еткен шығармалары, міне, осы кезеңнен бастап жарық көре бастағанына айтпасқа болмайды. Бұл шығармалар қазақ прозасын тек жанрлық тұрғыдан ғана емес, мазмұндық жағынан байытып, философиялық толғаныстарға барынша ден қойды, көркем шығарма жұлгесінде драматизм, трагедиялық сарын күшейді.

Қазақ жазушылары әдебиетке партия өктем билігін жүргізген тұста халқымыздың басынан өткен келеңсіз құбылыстарды есебін тауып, орайын келтіріп айта білді. Олар өмір шындығын сыңаржақ суреттеуден бас тартып, мүмкіндігінше қоғам дамуының қайшылықтарын көрсетуге тырысты. Айтар ойларын кейде ашық, кейде астарлап, бейнелі сөз қуатын шындықты жеткізудің бір амалы ретінде пайдаланды. Әдебиетте өз ортасын олқы санап, көңілі толмаған, қоғамға сын көзімен қарай бастаған кейіпкер бой көрсетті. Көркем шығармада мұндай кейіпкер қоғам шындығына қанағаттанбай, қоршаған ортаны жатсынып, тіпті жан сілкінісін, ішкі наразылығын білдірді. Ол пенденің «күнделікті күйкі тіршілігіне», адамдар тоғышарлығына қарсы шығып, рухани ізгіліктердің тапшылығынан зардап тартты. Әдебиетте 1970 жылдардан бастап модернистік сарын молайды.

Модернизм әдебиет пен өнердің сахнасына XX ғасырда орнығып, өз дәуірінің мәдени қажеттіліктерінен туды. Ол – XX ғасыр өнерінде әлемді көркем бейнелеудің дәстүрлі әдістерінен бас тартқан бағыттардың жалпылама шартты атауы [1, 268]. Модернизм адам табиғатын, құпия сезімдерін ирония, ойын элементтері, сана астарындағы құбылысты зерттеу арқылы көрсетеді. Жеке тұлға мағынасыз болмыс алдында өз әлсіздігін сезінеді. Бұл бағыттағы жазушылар композицияға, тілге, т.б. көптеген стильдік, көркемдік сынақтар жасады. Классикалық романтизмнен өзгешелігі ол өзін поэзиядан гөрі, прозада айқынырақ, күштірек танытты.

Модернизм біртекті емес. Әлемдік әдебиет тарихында ол XX ғасыр басындағы бірқатар бағыттарда, әсіресе символизмде (оның ішінде орыс және француз символизмінде) көрінді. Модернизм XX ғасыр басында қаламгерлердің әлемдік соғысқа, адамзат дамуындағы дағдарыстарға көзқарасын білдірді. Модернизм жеке тұлғаның санасын рухани ауытқулармен байланыста алып қарады. Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты. Жалғыздық қасіреті қоршаған ортаны адамның жатсынуы модернизм өкілдерінің шығармаларында айрықша көрініс тапты. Қоғам мен адам арасындағы қайшылық сарыны тұрғысынан романтизм эстетикасымен ұқсас тұстары болды. Қазақ прозасындағы адам табиғатының трагедиялығы, болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы бейнеленген, адамның панасыздығын, қорғансыздығын меңзейтін шығармаларда романтикалық сипат пен модернистік ұстанымның берік байланысы жатыр.

Кейіпкерлердің екіге жарылу мәселесі 70-ші жылдардан бастап қазіргі қазақ прозасында да заңды жалғасын тапты. О. Бөкеевтің рухани сергелдеңге түскен, мазасыз, әлденені іздеумен жүретін сезімтал, қияли кейіпкерлері, сондай-ақ Т. Әбдікөвтің «Оң қол», «Парасат майданы» шығармаларындағы екіұдай сезім кешкен «сырқат» тұлғалары хақында да осыны айтуға болады.

Осы кезеңде жеке тұлғаны, адам болмысының күрделі, жұмбақ мәселелерін, бүгінгі рухани құндылықтарды зерделеуде бейнелеудің дәстүрлі тәсілдерімен қатар альтернативті сарындардың да орын тебе бастағанын аңғару қиын емес. 1970-80 жылдардан бастап қазақ әдебиетінде әлемдік әдебиеттен жаңғырық тапқан модернистік эстетиканың әсері де кем болмады.

Модернизмді хаосты әлемді адамның жатсынуында айқынырақ танылатын ерекше дүниетаным ретіндегі тарихи-философиялық және әдеби-көркемдік категория деп тануға болады. XX ғасырда модернистік бағыттар мен интенциялар әдебиеттің алуан көркемдік тінін құрай отырып, бір мәдени кеңістікте қатар өмір сүрді.

Болмысты «романтикалық» және «модернистік», «постмодернистік» тұрғыда қабылдау

– бұл негізінен қарама-қарсы жүйелер, бірақ сонымен қатар бір-біріне әсер етуші, тіпті белгілі бір деңгейде бір-бірімен байланысты жүйелер. Олардың біреуін екіншісінен жоғары қойып, біреуін бөліп алып, я жақсы, я жаман деп айта алмаймыз. Өйткені бұл жүйелер жалпы болмыстың, әлем туралы біздің түсінігіміздің кемел еместігі себепті кемшіліксіз де емес. Көп жағдайда «постмодернизм» «декаденттік» нәрсе ретінде: үміттің жоғалуымен, ұмтылыстардың құлдырауымен, нақты мақсаттар мен бағдардың жоғалумен, апатиямен, өркениеттің құлдырауымен байланысты қабылданатындықтан, оған қарағанда модернизмді қолайлы көріп жатады.

Тәуелсіздіктұсындағы әдеби үдерісті тұтастай алсақ, әдебиеттің бірнеше даму бағыттарын айқындауға болады. Олар – дәстүрлі реалистік әдіс және модернистік, постмодернистік ағымдар. Сонымен қатар осы кезең прозасында романтикалық тенденциялардың да омырау соза алға шыққанын бағамдаймыз. Шығармалардың көркемдік құрылымында романтикалық сарындар реалистік немесе модернистік бастаулармен жымдаса кірігіп, кейде жеке элемент түрінде, кейде қанаттас қатар дамып, кейде басымдық танытып жатты.

Постмодернизм тарихи және көркем дәстүрлердің бірігуіне негізделген. Әр түрлі халық, мәдениет, субмәдениет, уақыт ішіндегі әдіс-тәсілдерді, стильдерді, тақырып, проблема, мотивтерді бір шығарма аясына біріктіру осы постмодернизмнің сипатты белгісі саналады. Модернизмдегі: жалғыздық, дәрменсіздік сарыны, пенденің ортамен қарама-қайшылығы, дамыған қоғамның технократиялық болмысынан қорқу, тұлғаның абсурдты, хаосты өмірден безінуі сынды элементтер постмодернизм поэтикасына табиғи көшті.

Әлемдік мәдениетте күш алған постмодернизм құбылысы қазақ әдебиетінде 1990 жылдардан бастап біртіндеп көріне бастады. Трагедиялық сарын, қоғамды жатсыну, сөзге сараңдық, астарлап ишарамен сөйлеу, үкім айтудан, соңғы түйінді айтудан қашу – постмодернистік сипаттағы бүгінгі қазақ прозасына (Ә. Тарази, А. Алтай, Р. Мұқанова, Д. Амантай және т.б.) тән белгілердің бірі. Алайда қазіргі әдебиетте жекеленген постмодернистік элементтер кездескенімен, ол қазақы топыраққа дәл батыс, орыс әдебиетіндегідей терең сіңіп кете алмады деуге болатын сияқты.

Постмодернизм бинарлық оппозициялардың

шекарасын жояды және маңызды мәдени мифологиялардың (тек діни ғана емес, мәдени, әлеуметтік, идеологиялық) негізінде жатқан иерархияларды қайта қарайды. Постмодернизм интеллектуалдық және «рухани» құрылымдарды мансұқтайды, жеке тұлғаның ішкі әлемінен гөрі бұқаралық тәртіп параметрінің үстемдігі көрінеді. Мұнда жақсылық пен жамандықтың, ақиқат пен жалғанның, сұлулық пен кемтарлықтың арақатынасын ажыратудан қиынға соғып жатады. Ал романтизмде олардың ара-жігі айқын. Постмодернизм ұсқынсыздық эстетикасына көңіл бұрып, дәстүрлерді бұзады, басты теологиялық идеяларды қайта қарайды. Ал көркемдік ойлаудың романтикалық түрінде қаһарманның сұлулыққа, ізгілікке, үйлесімге ұмтылуы көрінеді.

Талантты жазушының шығармашылығы қашанда бір ғана көркемдік әдіс аясына, белгілі қалыпқа сия бермейтіні әдебиет тарихынан белгілі. Әдеби үдеріс үздіксіз жалғаса отырып, әрбір жаңа дәуір өзіне дейінгі көркемдік жетістіктерді бойына сіңіреді. Әдебиеттің қалыптасу, даму тарихында түрлі көркемдік әдістер мен әдеби ағым-бағыттардың болуы, қатар өмір сүруі – заңды құбылыс. Әдеби үдеріс аясында түрліше әдеби ағым-бағыттардың канаттаса, жарыса дами отырып, бірде иықтас жүріп, бірде өз үстемдігін көрсетуі – әдебиеттің қоғамдық, рухани өмірдегі басымдығын, ұлттық әдебиетіміздің көркемдік ізденіс, өсу, толысу және толыққанды даму үстінде екенін танытады.

Әдебиеттер

- 1 Энциклопедический словарь по культурологии. – М.: Наука, 1997. – 568 с.
- 2 Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. – Харьков: Фолио, 2000. – 256 с.

References

- 1 Collegiate Dictionary of Cultural Studies. – Moscow: Nauka, 1997. – 568.
- 2 Zatonskii DV Modernism and postmodernism: the thought of eternal kolovraschenii Fine Arts and ungracefully. – Kharkiv: Folio, 2000. – 256 p.